4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда Қарыз алушы, микрокредиттердің мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты шарттың өзге де талаптары туралы, МҚҰ жүргізетін операциялар туралы ақпаратты осы ақпаратты алуға нотариат куәландырған сенімхаты бар мемлекеттік органдардың және Қарыз алушы өкілдерінің сұрау салулары бойынша ұсынуға. Қарыз алушының жазбаша келісімі болған уақытта микрокредитті беру құпиясын үшінші тұлғаға ашуға;	4) в порядке и на условиях, установленных законодательством Республики Казахстан, предоставлять информацию о Заемщике, размерах микрокредитов, об иных условиях Договора, относящихся к Заемщику, об операциях, проводимых МФО по запросам государственных органов и представителей Заемщика, имеющих нотариально удостоверенную доверенность на получение данной информации. При наличии письменного согласия Заемщика раскрыть тайну предоставления микрокредита третьему лицу;
5) оның дербес деректерін тексеруге және өңдеуге;	5) проверять и обрабатывать его персональные данные;
6) Қарыз алушының дербес деректерін өңдеуді, оларды жоюды өз қалауы бойынша тоқтатуға;	6) по своему усмотрению прекратить обработку персональных данных Заемщика, уничтожив их;
7) кредиттік бюроларға теріс ақпарат беруге және кредиттік бюролар ұсынған кредиттік тарих субъектісі туралы күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешек бөлігіндегі теріс ақпаратты алуға;	7) предоставлять негативную информацию в кредитные бюро и получать предоставленную кредитными бюро негативную информацию о субъекте кредитной истории в части просроченной задолженности свыше 90 (девяносто) календарных дней;

8) Қарыз алушыдан жасалған Шартқа сәйкес қабылданған барлық міндеттерді тиісінше орындауды талап етуге құқылы;	8) требовать от Заемщика надлежащего исполнения всех обязанностей, принятых в соответствии с заключенным Договором;
9) микрокредит бойынша мерзімі өткен төлемдер болған кезде Қағидаға және ҚР Заңнамаларына сәйкес жұмысты жүзеге асыруға;	9) при наличии просроченных платежей по микрокредиту, осуществлять работу согласно Правилам и Законодательству РК;
10) микрокредит бойынша берешекті (негізгі борыш сомасын, сыйақыны, Шарт бойынша есептелген (айыппұлды, тұрақсыздық айыбын) толық өтеуді талап етуге, егер: - Қарыз алушы Шарт талаптарын бұзса; - микрокредит бойынша мерзімі өткен берешек құралса.	10) требовать полного погашения задолженности по микрокредиту (суммы основного долга, вознаграждения, начисленной по Договору неустойки (штрафа, пени)) в случае: - нарушения Заемщиком условий Договора; - образования просроченной задолженности по микрокредиту.
11) Қарыз алушыға МҚҰ-дың маркетингтік қызметі шеңберіндегі акциялар, жаңа ұсыныстар және басқа да ақпарат туралы SMS–хабарламалар, электрондық поштаға хаттар, телефон қоңыраулары арқылы хабарлауға;	11) сообщать Заемщику с помощью SMS–уведомлений, писем на электронную почту, телефонных звонков об акциях, новых предложениях и другой информации в рамках маркетинговой деятельности МФО;
12) Өтініш берушіден/Қарыз алушыдан/Кепіл берушіден (болған кезде) МҚҰ-дың ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған Шарт жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;	12) запрашивать у Заявителя/Заемщика/Залогодателя (при его наличии) документы и сведения, необходимые для заключения Договора и исполнения обязательств по нему, определенных внутренними нормативными документами МФО;
13) Микрокредит беруге арналған өтінішті қарау сатысында микрокредит беруден/Шарт жасасудан бас тартуға;	13) отказать в выдаче микрокредита/от заключения Договора на стадии рассмотрения Заявления на предоставление микрокредита;
14) осы Қағидаға сәйкес Қарыз алушының мониторингін жүзеге асыруға;	14) осуществлять мониторинг Заемщика в соответствии с Правилами;
15) микрокредит бойынша мерзімі өткен төлемдер бар болғанда, берешекті қолданыстағы Заңнамаға сәйкес қайтару жұмыстарын жүзеге асыруға;	15) при наличии просроченных платежей по микрокредиту, осуществлять работу по возврату задолженности в соответствии с действующим Законодательством;
16) Өтініш берушіні/Қарыз алушыны келісім берген жағдайда фототүсіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ микрокредит беру, верификациялау процесін бақылау мақсатында және мерзімі өткен берешекті қайтару бойынша жұмыс жасау кезінде, Өтініш берушіге/Қарыз алушыға аталған әрекеттер туралы ескертілген жағдайда онымен сөйлесудің аудио және бейне жазбасын жүргізуге;	16) при наличии согласия осуществлять фотосъемку Заявителя / Заемщика, а также вести аудио и видео запись разговора с ним в целях контроля за процессом микрокредитования, верификации и при работе с возвратом просроченной задолженности, при наличии предупреждения Заявителя / Заемщика об указанных действиях;

17) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, микроқаржылық қызметпен қатар өзге де қызметті жүзеге асыруға;	17) осуществлять наряду с микрофинансовой деятельностью иную деятельность с учетом ограничений, установленных действующим законодательством Республики Казахстан;
18) Өтініш берушіні/Қарыз алушыны SMS-хабарлама және/немесе электрондық хат жіберу арқылы және/немесе Өтініш беруші Өтініште көрсеткен мекенжайлар бойынша немесе телефон нөміріне пошта жөнелтілімдері түрінде хабардар ете отырып, микрокредит берілгенге дейін Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;	18) в одностороннем порядке расторгнуть Договор до выдачи микрокредита, уведомив об этом Заявителя/Заемщика посредством отправки SMS-сообщения и/или электронного письма и/или в виде почтовых отправлений по адресам или на номер телефона, указанные Заявителем в Заявлении.
19) Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған Шарттың талаптарына сәйкес өзге де құқықтар.	19) иные права в соответствии с законодательством Республики Казахстан и условиями заключенного Договора.
3. **МҚҰ құқығы жоқ:**	3. **МФО не вправе:**
1) МҚҰ-ға микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыға микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін айыппұл санкцияларын қолдануға;	1) применять к Заемщику, досрочно полностью или частично возвратившему МФО сумму микрокредита, штрафные санкции за досрочный возврат микрокредита;
2) сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;	2) в одностороннем порядке изменять ставки вознаграждения (за исключением случаев их снижения) и (или) способ и метод погашения микрокредита;
3) Қарыз алушыдан Микрокредит бойынша Шарттың талаптарына сәйкес есептелген сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеуге және алуға;	3) устанавливать и взимать с Заемщика любые платежи, за исключением вознаграждения и неустойки (штрафа, пени) по Микрокредиту, начисленных в соответствии с условиями Договора;
4) егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілгенде тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін өндіріп алуға;	4) взимать неустойку или иные виды штрафных санкций в случае, если дата погашения основного долга или вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, и уплата вознаграждения или основного долга производится в следующий за ним рабочий день;
5) кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, Микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуге құқығы жоқ.	5) индексировать обязательства и платежи по Микрокредиту с привязкой к любому валютному эквиваленту.
6) банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша мерзімі өткен берешегі тоқсан күнтізбелік күннен асатын жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беруге.	6) предоставлять микрокредит, не связанный с осуществлением предпринимательской деятельности, физическому лицу,

Жоғарыда көрсетілген шектеу жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарызын және (немесе) микрокредитін өтеу мақсатында сыйақы мөлшерлемесін және (немесе) мерзімді төлемдер мөлшерін азайту жағына қарай өзгертуді және (немесе) кему жағына қарай өзгертуді немесе тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) толық күшін жоюды көздейтін жақсартатын шарттарда берілетін микрокредиттерге, сондай-ақ міндетті тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілімен ломбардтар беретін микрокредиттерге қолданылмайды.	имеющему просроченную задолженность по банковскому займу и (или) микрокредиту свыше девяноста календарных дней. Вышеуказанное ограничение не распространяется на микрокредиты, выдаваемые в целях погашения банковского займа и (или) микрокредита физического лица, не связанного с осуществлением предпринимательской деятельности, на улучшающих условиях, предусматривающих изменение в сторону уменьшения ставки вознаграждения и (или) размера периодических платежей и (или) изменение в сторону уменьшения или полную отмену неустойки (штрафа, пени), а также микрокредиты, предоставляемые ломбардами под залог движимого имущества, не подлежащий обязательной регистрации;
7) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес қарыз алушы - жеке тұлғаның микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған күнтізбелік тоқсан күн өткеннен кейін есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге.	7) требовать выплаты вознаграждения, неустойки (штрафов, пени), начисленных по истечении девяноста последовательных календарных дней просрочки исполнения обязательства по погашению любого из платежей по суммам основного долга и (или) вознаграждения по микрокредиту заемщика-физического лица, не связанному с осуществлением предпринимательской деятельности;
8) микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушыдан борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуға, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағымен МҚҰ-дың үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (шарт) жасасуға;	8) заключать договоры, предусматривающие сотрудничество с частными судебными исполнителями для взыскания с заемщика суммы долга по договору о предоставлении микрокредита, а также заключать соглашение (договор) об условиях исполнения исполнительного документа с частным судебным исполнителем, являющимся аффилированным лицом МФО в соответствии с пунктом 2 статьи 12-1 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» и (или) пунктом 1 статьи 64 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах»;
9) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-	9) обращаться за совершением нотариальных действий к нотариусу, являющемуся аффилированным лицом МФО в соответствии

бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес МҚҰ-дың үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа нотариаттық іс-әрекеттер жасауға өтініш жасауға;	с пунктом 2 статьи 12-1 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» и (или) пунктом 1 статьи 64 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах»;
10) жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін шарттарда ұлғайтуға; 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған Шарттың талаптарына сәйкес өзге де шектеулер.	10) увеличивать срок действия договора о предоставлении микрокредита, заключенного с физическим лицом, без его согласия и на условиях, не обеспечивающих сохранение либо улучшение условий договора о предоставлении микрокредита; 11) иные ограничения в соответствии с законодательством Республики Казахстан и условиями заключенного Договора.
4. **Өтініш берүші міндетті:**	4. **Заявитель обязан:**
1) микрокредит беру бойынша шешім қабылдау үшін МҚҰ сұраған құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;	1) предоставлять документы и сведения, запрашиваемые МФО для принятия решения по выдаче микрокредита;
2) Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған шарттың талаптарына сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға.	2) нести иные обязательства в соответствии с законодательством Республики Казахстан и условиями заключенного Договора.
5. **Өтініш алушы құқылы:**	5. **Заявитель имеет право:**
1) осы Қағидамен, микрокредиттер беру жөніндегі МҚҰ тарифтерімен (бар болса) танысуға;	1) ознакомиться с настоящими Правилами, тарифами (при наличии) МФО по предоставлению микрокредитов;
2) Микрокредит алуға, оған қызмет көрсетуге және оны қайтаруға байланысты барлық төлемдер туралы ақпаратты қоса алғанда, Микрокредит беру тәртібі мен шарттары туралы толық және дұрыс ақпарат алуға;	2) получать полную и достоверную информацию о порядке и об условиях предоставления Микрокредита, включая информацию обо всех платежах, связанных с получением, обслуживанием и возвратом Микрокредита;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған шарттың талаптарына сәйкес өзге де құқықтар.	3) иные права в соответствии с законодательством Республики Казахстан и условиями заключенного Договора.
6. **Қарыз алушы міндетті:**	6. **Заемщик обязан:**
1) алынған Микрокредитті қайтаруға және Шартта белгіленген мерзімдерде және тәртіппен ол бойынша сыйақы төлеуге;	1) возвратить полученный Микрокредит и выплатить вознаграждение по нему в сроки и порядке, которые установлены Договором;
2) Заңға сәйкес МҚҰ сұратқан құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;	2) представлять документы и сведения, запрашиваемые МФО в соответствии с Законом;

3) өзінің дербес деректері өзгерген кезде растайтын құжаттарды ұсына отырып, осындай өзгеріс болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде МҚҰ-ға хабарлауға;	3) при изменении своих персональных данных уведомить МФО в течение 3 (трех) рабочих дней с даты такого изменения, с предоставлением подтверждающих документов;
4) Шартта, Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды орындауға міндетті.	4) выполнять иные требования, установленные Договором, Законом, иным законодательством Республики Казахстан.
7. **Қарыз алушы құқылы:**	7. **Заемщик имеет право:**
1) Микрокредит алуға, оған қызмет көрсетуге және оны қайтаруға байланысты барлық төлемдер туралы ақпаратты қоса алғанда, Микрокредит беру тәртібі мен шарттары туралы толық және дұрыс ақпарат алуға;	1) получать полную и достоверную информацию о порядке и об условиях предоставления Микрокредита, включая информацию обо всех платежах, связанных с получением, обслуживанием и возвратом Микрокредита;
2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын қорғауға;	2) защищать свои права в порядке, установленном законами Республики Казахстан;
3) Шарт бойынша берілген Микрокредит сомасын МҚҰ-ға мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;	3) досрочно полностью или частично возвратить МФО сумму Микрокредита, предоставленную по Договору;
4) Микрокредит мерзімінен бұрын толық өтелген жағдайда анықтама алу туралы Өтініш берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде берешектің жоқ екені туралы анықтама алуға.	4) в случае полного досрочного погашения Микрокредита получить справку об отсутствии задолженности в течение 3 (трех) рабочих дней со дня подачи заявления о получении справки;
5) микрокредиттер беру ережесімен, микрокредиттер беру жөніндегі микроқаржы ұйымының тарифтерімен танысуға;	5) ознакомиться с правилами предоставления микрокредитов, тарифами микрофинансовой организации по предоставлению микрокредитов;
6) алынған микрокредитке Шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда иелік етуге;	6) распоряжаться полученным микрокредитом в порядке и на условиях, установленных Договором;
7) Заңның 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін өзі жасаған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап) берілген жағдайда микроқаржы омбудсменіне жүгінуге. Көрсетілген құқық жеке тұлға болып табылатын қарыз алушыға қолданылады;	7) обратиться к микрофинансовому омбудсману в случае уступки права (требования) по заключенному им договору о предоставлении микрокредита для урегулирования разногласий с лицом, указанным в пунктах 4 и 5 статьи 9-1 Закона. Указанное право распространяется на заемщика, являющегося физическим лицом;
8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.	8) осуществлять иные права, установленные настоящим Законом, иными законами Республики Казахстан и Договором.
8. МҚҰ және оның Өтініш берушілерінің/Қарыз алушыларының жауапкершілігі.	**8. Ответственность МФО и его Заявителей/Заемщиков.**

1. Қазақстан Республикасының микроқаржы қызметі туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.	1. Нарушение законодательства Республики Казахстан о микрофинансовой деятельности влечет ответственность, установленную законодательством Республики Казахстан.
2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі Тарап осы бұзушылыққа байланысты туындаған нақты залалды өтейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.	2. За неисполнение или ненадлежащее исполнение своих обязательств по Договору виновная Сторона возмещает реальный ущерб, возникший, в связи с этим нарушением и самостоятельно несет ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
14. Құпиялылық	**14. Конфиденциальность**
1. Микрокредит беруге Өтініш берген кезде /Сайттағы Жеке Кабинетте тіркелген кезде Өтініш беруші МҚҰ-ға өзінің дербес деректерін (МҚҰ-дан алынған ақпарат пен құжаттар) тексеруге және өңдеуге, атап айтқанда оларды жинауды, тексеруді, жүйелендіруді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), пайдалануды, иесіздендіруді, бұғаттауды, жоюды жүзеге асыруға рұқсат береді.	1. При подаче Заявления на предоставление микрокредита /регистрации в Личном Кабинете на Сайте, Заявитель дает разрешение МФО на проверку и обработку своих персональных данных (информации и документов, полученных МФО от него), а именно на осуществление их сбора, проверки, систематизации, накопления, хранения, уточнения (обновления, изменения), использования, обезличивания, блокирования, уничтожения.
2. Шарт жасасу кезінде Қарыз алушы өзінің дербес ақпаратын өңдеуге рұқсат береді.	2. При заключении Договора Заемщик дает разрешение на обработку своих персональных данных.
3. МҚҰ өз қалауы бойынша және көрсетілген мерзімнен бұрын дербес деректерді өңдеуді тоқтатып, оларды жоюға құқылы.	3. МФО вправе по своему усмотрению и ранее указанного срока прекратить обработку персональных данных, уничтожив их.
4. Дербес деректерді МҚҰ жоюға тиіс:	4. Персональные данные подлежат уничтожению МФО:
1) жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізу күнімен айқындалған деректерді сақтау мерзімі өткеннен кейін;	1) по истечении срока хранения данных, определенного датой достижения целей их сбора и обработки;
2) сот шешімі заңды күшіне енген кезде;	2) при вступлении в законную силу решения суда;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда тоқтатылады.	3) в иных случаях, установленных законодательством Республики Казахстан.
5. Қарыз алушы өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін қайтарып алу туралы жазбаша Өтініш жіберген жағдайда, дербес деректерді жинау және өңдеу Қарыз алушы Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін ғана тоқтатылады.	5. В случае направления Заемщиком письменного заявления об отзыве согласия на сбор и обработку его персональных данных, сбор и обработка персональных данных прекратятся только после исполнения Заемщиком всех обязательств по Договору.

6. Қарыз алушы микрокредитті және есептелген сыйақыны өтеу күнін 30 (отыз) күнтізбелік күннен артық мерзімге бұзған жағдайда, Заңының 9-2-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес келген кезде МҚҰ барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды бере отырып, берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге құқылы.	6. При нарушении Заемщиком даты погашения микрокредита и начисленного вознаграждения на срок, превышающий 30 (тридцать) календарных дней, при соответствии требованиям пункта 5 статьи 9-2 Закона МФО вправе передать задолженность на досудебные взыскание и урегулирование коллекторскому агентству с предоставлением им всей необходимой информации и документов.
7. МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, микрокредиттер беру құпиясын, Қарыз алушылардың операциялары туралы ақпаратты сақтауға кепілдік береді.	7. МФО гарантирует соблюдение тайны предоставления микрокредитов, информацию об операциях Заемщиков, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан.
8. Микрокредит беру құпиясы Қарыз алушы, туралы мәліметтерді, микрокредиттердің мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты Шарттың өзге де талаптары туралы, және микрокредит беру операциялары туралы мәліметтерді қамтиды (осы Қағиданы қоспағанда).	8. Тайна предоставления микрокредита включает в себя сведения о Заемщике, размере микрокредита, об иных условиях Договора, относящихся к Заемщику и об операциях микрокредитования (за исключением настоящих Правил).
9. Микрокредит беру құпиясы Қарыз алушының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген микрокредиттер бойынша ҚР Заңнамасының талаптарына сәйкес кредиттік бюроға берген жазбаша келісімнің негізінде Қарыз алушыға, кез келген үшінші тұлғаға, сондай-ақ төменде көрсетілген тұлғаларға ғана ашылуы мүмкін.	9. Тайна предоставления микрокредита может быть раскрыта только Заемщику, любому третьему лицу на основании письменного согласия Заемщика, данного в соответствии с требованиями Законодательства РК, кредитному бюро по предоставленным микрокредитам в соответствии с законами Республики Казахстан, а также нижеуказанным лицам.
10. Қарыз алушылар, микрокредиттердің мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты Шарттың өзге де талаптары туралы, МҚҰ жүргізетін операциялар туралы мәліметтер:	10. Сведения о Заемщиках, размерах микрокредитов, об иных условиях Договора, относящихся к Заемщику, об операциях, проводимых МФО, выдаются:
1) қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға: олардың іс жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша мөрмен расталған және прокурор санкциялаған жазбаша сұрау салу негізінде;	1) государственным органам и должностным лицам, осуществляющим функции уголовного преследования: по находящимся в их производстве уголовным делам на основании письменного запроса, заверенного печатью и санкционированного прокурором;
2) барлау және (немесе) зиянкестік акциялардың алдын алу, ашу және жолын кесу үшін Прокурордың санкциясымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары мен Мемлекеттік күзет қызметінің талабы бойынша қажетті ақпаратты беру туралы;	2) органам национальной безопасности и Службе государственной охраны Республики Казахстан с санкции прокурора по их требованию о предоставлении информации, необходимой для предупреждения, вскрытия и пресечения разведывательных и (или) подрывных акций;
3) «Заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілген тізілімнен үзінді	3) уполномоченному органу по возврату активов по письменному запросу, подписанному первым руководителем либо лицом,

көшірмені қоса бере отырып, бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қол қойған жазбаша сұрау салу бойынша активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органға;	исполняющим его обязанности, с приложением выписки из реестра, утвержденного в соответствии с Законом Республики Казахстан «О возврате государству незаконно приобретенных активов»;
4) соттарға: сот ұйғарымының, қаулысының, шешімінің және үкімінің негізінде олардың жүргізуіндегі істер бойынша;	4) судам: по находящимся в их производстве делам на основании определения, постановления, решения и приговора суда;
5) мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына: әділет органдарының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен куәландырылған сот орындаушысының прокурор санкциялаған қаулысының негізінде атқарушылық іс жүргізудегі істер бойынша;	5) государственным и частным судебным исполнителям: по находящимся в их производстве делам исполнительного производства на основании, санкционированного прокурором постановления судебного исполнителя, заверенного печатью органов юстиции или печатью частного судебного исполнителя;
6) прокурорға: өз құзыреті шегінде оның қарауындағы материал бойынша тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде;	6) прокурору: на основании постановления о производстве проверки в пределах его компетенции по находящемуся у него на рассмотрении материалу;
7) мемлекеттік кіріс органдарына тек қана салықтық әкімшілендіру мақсатында: тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша ұйғарым негізінде;	7) органам государственных доходов исключительно в целях налогового администрирования: по вопросам, связанным с налогообложением проверяемого лица, на основании предписания;
8) Қарыз алушының өкілдеріне: сенімхат негізінде, жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушы бойынша нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде;	8) представителям Заемщика: на основании доверенности по Заемщику, являющемуся физическим лицом, на основании нотариально удостоверенной доверенности;
9) оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға: соттың банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі бар тұлғаға қатысты, банкроттық және (немесе) прокурордың санкциясымен оңалту туралы іс қозғалғанға дейінгі бес жыл кезеңде;	9) уполномоченному органу в области реабилитации и банкротства: в отношении лица, по которому имеется вступившее в законную силу решение суда о признании банкротом, за период в течение пяти лет до возбуждения дела о банкротстве и (или) реабилитации с санкции прокурора;
10) Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін және банкроттығын қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органға: «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдерді қолдану туралы өтініш берген азаматқа қатысты осындай сұрау салу берілгенге дейінгі үш жыл кезеңдегі сұрау салу негізінде;	10) уполномоченному органу в сфере государственного управления по восстановлению платежеспособности и банкротства граждан Республики Казахстан: на основании запроса в отношении гражданина, подавшего заявление о применении процедур, предусмотренных Законом Республики Казахстан «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан», за период в течение трех лет до подачи такого запроса;

11) қаржы басқарушысына: прокурордың санкциясымен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығын қолдану туралы іс қозғалған азаматқа қатысты сұрау салу негізінде. Өкілеттіктерді растау мақсатында сұрау салуға рәсімді қолдану туралы іс қозғау туралы соттың ұйғарымы қоса беріледі;	11) финансовому управляющему: на основании запроса в отношении гражданина, по которому возбуждено дело о применении процедуры восстановления платежеспособности или судебного банкротства с санкции прокурора. В целях подтверждения полномочий к запросу прикладывается определение суда о возбуждении дела о применении процедуры;
12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге тұлғаларға.	12) иным лицам в соответствии с действующим Законодательством Республики Казахстан.
11. Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда осы Қағиданың 14-бабының 10-тармағында көрсетілген тұлғалардан басқа Қарыз алушы, Микрокредит мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты Шарттың өзге де талаптары туралы мәліметтер де жазбаша сұрау салу негізінде беріледі:	11. Сведения о Заемщике, размере Микрокредита, об иных условиях Договора, относящихся к Заемщику, в случае смерти Заемщика, помимо лиц, предусмотренных в пункте 10 ст.14 Правил, также выдаются на основании письменного запроса:
1) Қарыз алушы өсиетте көрсеткен тұлғаларға;	1) лицам, указанным Заемщиком в завещании;
2) нотариустарға: нотариустың жазбаша сұрау салуы негізінде олардың жүргізуіндегі мұрагерлік істер бойынша.	2) нотариусам: по находящимся в их производстве наследственным делам на основании письменного запроса нотариуса;
3) шетелдік консулдық мекемелерге: олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша.	3) иностранным консульским учреждениям: по находящимся в их производстве наследственным делам.
Микрокредит беру құпиясы Заңның 9-1-бабының 4-тармағында және 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаға құқықтар (талаптар) берілген Шарттан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу бойынша қарыз алушы - жеке тұлғалардың қарауындағы өтініштер бойынша банк/микроқаржы омбудсманына ашылуы мүмкін.	Тайна предоставления микрокредита может быть раскрыта банковскому/микрофинансовому омбудсману по находящимся у него на рассмотрении обращениям заемщиков-физических лиц по урегулированию разногласий, возникающих из Договора, права (требования) по которому уступлены лицу, указанному в пункте 4 и части первой пункта 5 статьи 9-1 Закона.
12. Микрокредит беру құпиясын ашу болып табылмайды:	12. Не является раскрытием тайны предоставления Микрокредита:
1) МҚҰ-ға кредиттік бюроларға теріс ақпарат беруі және кредиттік тарих субъектісі туралы мерзімі өткен берешек бөлігінде теріс ақпарат беруі;	1) предоставление МФО негативной информации в кредитные бюро и предоставление кредитными бюро негативной информации о субъекте кредитной истории в части просроченной задолженности ;
2) Заңның 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалардың микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру (қайта беру) кезінде Заңның 9-1-бабы 4-тармағында және 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген	2) предоставление лицами, указанными в части первой пункта 5 статьи 9-1 Закона, информации по договору о предоставлении микрокредита (выданному микрокредиту) лицам, указанным в пункте 4 и части первой пункта 5 статьи 9-1 Закона, при уступке

тұлғаларға микрокредит (берілген микрокредит) беру туралы шарт бойынша ақпарат беруі;	(переуступке) прав (требований) по договору о предоставлении микрокредита;
3) Заңның 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалардың мәні берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ қарыз алушының осы коллекторлық агенттікпен берешегіне байланысты ақпарат жинау бойынша қызметтер көрсету болып табылатын жасалған шарт шеңберінде коллекторлық агенттікке немесе Заңның 9-1-бабына сәйкес сенімгерлік басқару шарты шеңберінде сервистік компанияға микрокредит бойынша ақпарат беруі;	3) предоставление лицами, указанными в части первой пункта 5 статьи 9-1 Закона информации по микрокредиту коллекторскому агентству в рамках заключенного договора, предметом которого является оказание услуг по досудебным взысканию и урегулированию задолженности, а также сбору информации, связанной с задолженностью заемщика с данным коллекторским агентством, или сервисной компании в рамках договора доверительного управления в соответствии со статьей 9-1 Закона;
4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен уәкілетті орган арасында ақпарат, оның ішінде микрокредит беру құпиясын құрайтын мәліметтер алмасу болып табылады;	4) обмен информацией, в том числе сведениями, составляющими тайну предоставления микрокредита, между Национальным Банком Республики Казахстан и уполномоченным органом;
5) мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының немесе МҚҰ-да басқару функцияларын атқаратын тұлғаның қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлама жіберілген кезде растайтын құжаттар мен материалдар ретінде микрокредит беру құпиясын қамтитын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы;	5) представление должностным лицом государственного органа или лицом, выполняющим управленческие функции в МФО, документов и сведений, содержащих тайну предоставления микрокредита, в качестве подтверждающих документов и материалов при направлении органу уголовного преследования сообщения об уголовном правонарушении.
15. Микрокредит беру процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі.	**15. Порядок рассмотрения обращений клиентов, возникающих в процессе предоставления микрокредита.**
1. Микрокредит беру процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. 2. Клиенттің өтінішін қарау мерзімі МҚҰ-ға өтініш келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен артық емес. 3. Өтінішті қарау мерзімі өтінішті дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау қажеттілігіне байланысты тағы 15 (он бес) жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін, бұл туралы клиентке өтінішті қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарланады.	1. Рассмотрение обращений клиентов, возникающих в процессе предоставления микрокредита осуществлется в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан. 2. Срок рассмотрения обращения клиента составляет не более 15 (пятнадцати) рабочих дней со дня поступления обращения в МФО. 3. Срок рассмотрения обращения может быть продлен еще на 15 (пятнадцать) рабочих дней ввиду необходимости установления фактических обстоятельств, имеющих значение для правильного

	рассмотрения обращения, о чем клиент извещается в течение трех рабочих дней со дня продления срока рассмотрения обращения.
16. Өзге ережелер.	**16. Иные положения.**
1. МҚҰ осы Қағидаға бір жақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.	1. МФО вправе в одностороннем порядке вносить изменения и дополнения в настоящие Правила.
2. Егер осы Қағиданың жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда, бұл ережелер өзінің заңды күшін жояды және Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормалары қолданылады. Осы Қағиданың жекелеген ережелерінің жарамсыздығы тұтастай алғанда Қағиданың басқа ережелерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды.	2. В случае, если отдельные положения настоящих Правил вступят в противоречие с законодательством Республики Казахстан, то данные положения утрачивают свою юридическую силу и применяются соответствующие нормы законодательства Республики Казахстан. Недействительность отдельных положений настоящих Правил не влечет недействительности других положений Правил в целом.
3. Осы Қағидада көзделмеген мәселелер МҚҰ ішкі нормативтік актілеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ қаржы нарығындағы кәсіби қызметтің жалпы қабылданған стандарттарына сәйкес реттеледі.	3. Вопросы, не предусмотренные настоящими Правилами, регулируются в соответствии с внутренними нормативными актами МФО, законодательством Республики Казахстан, а также общепринятыми стандартами профессиональной деятельности на финансовом рынке.